

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 5 қазандағы N 997

Астана қаласын жылумен және энергиямен жабдықтау жағдайын тұрақтандыру және 1998/99 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды жою жөніндегі шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан Астана қаласының әкіміне 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, жылу жүйелерінің жөндеу жұмыстарына және отын сатып алуға қайтарымды негізде 400 (төрт жүз) млн.тенге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі